

"Қызылорда облысы аумағында елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидаларды, жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмерлер беру талаптарын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қарашадағы N 949 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қарашадағы N 204 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 15 желтоқсанда N 4281 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы N 142 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 27.05.2013 N 142 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда облысы аумағында елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидаларды, жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қарашадағы N 949 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4263 тіркелген; "Сыр бойы" газетінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы N 11, "Қызылорда облысының әкімдігінің хабары" газетінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы N 14 нөмірінде, жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қызылорда облысы аумағында елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидаларды, жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарындағы:

"жер телімдеріне", "жер телімдері", "жер телімінде" деген сөздер тиісінше "жер учаскелеріне", "жер учаскелері", "жер учаскесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғимарат - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға)

, сондай-ақ, жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Ғимарат көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін;

2) елді мекен - республика аумағының халық жинақы орналасқан, кемінде 50 адамы бар, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, заңда белгіленген тәртіпте есепке алынған және тіркелген, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі;

3) ономастикалық комиссия - географиялық объектілердің атауына және олардың атауларын өзгертуге бірыңғай көзқарас қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдану мен есепке алуды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;

4) үй - адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік процестерді орындауға, сондай-ақ, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын функционалдық мақсатына қарай, міндетті түрде жер бетіне салынып, тұйық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылғы. Үйдің жер асты бөлігі болуы мүмкін."

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Н. Ұранхаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Б. Қуандықов